

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ішкі бақылау нәтижесі бойынша АКТ

26 сәуір 2023 жыл

Қарағанды облысы білім басқармасының
Приозерск қаласы білім бөлімінің
«№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Ішкі бақылау шарасының негізі: Приозерск қаласының білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасының сақталуы бойынша 2023 жылға ішкі бақылау жүргізу жоспары («Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 10.04.2023ж. №65 бұйрығы).

Жүргізілген орны: Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ.

Қандай құжаттар зерттелді: өтініш тіркелген журналдар, мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну бойынша жинақталған құжаттар, ай сайынғы есептер, мектеп сайтындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша ақпараты.

Ішкі бақылау жүргізу кезеңі 2023 жылдың қаңтар-наурыз аралығын қамтыды.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құжаттар тексеру барысында келесі заң бұзушылықтар анықталды:

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша барлығы – 17 қызмет көрсетілген. Оның барлығы e.bilimal.kz электрондық порталы арқылы көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында мерзімі сақталмағандар саны – 2.

Ұсынымдар:

- Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімін бұзудың алдын алу үшін тұрақты бақылау жасау;

- қызмет алушылардан мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көрсетілмеген (файлдар, конверттер, қағаз және т.б.) құжаттарды талап етуге жол бермеу;

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді міндетті түрде қағида талаптарына сай көрсету;
- вебпортал, ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- тұрақты түрде мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлердің біліктілігін арттыру.


Ұсынымның орындалуы туралы ақпаратты 2023 жылғы 10 мамырға дейін Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жіберу қажет.

**Қарағанды облысы білім басқармасының
«Приозерск қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
бас маманының м.а.**



Г. Рамазанова


**Қарағанды облысы Қарағанды қаласы
«№23 жалпы білім беретін мектебі» КММ
директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары**



О. Акифьева

Таныстым және актінің екінші данасын алдым:

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Приозерск қаласы білім бөлімінің
«№2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің
директоры**



П. Жумаханова